Религиозные радикалы успешно применяют современные технологии психологии, способные изменить мировоззрение женщины. Традиционный образ женщины, как матери и хранительницы очага, любящей жены и дочери превращается в запуганное и неспособное постоять за себя существо либо в вооруженного монстра в чадре, который будучи соответствующим образом зомбированным, способен на любые преступления.

Основными социально-психологическими факторами, отразившимися на росте числа женщин, попавших под влияние деструктивной идеологии и радикализации стали: низкая правовая и религиозная грамотность и как правило, низкий уровень образования и социализации. Многие из практикующих последовательниц деструктивных радикальных течений самостоятельно не читали Коран или другую традиционную религиозную литературу, не знают своих гражданских прав и обязанностей, отказываются работать. Их отличает закрытость и асоциальность поведения, ведомость и эскапизм сознания, оторванность от жизни общества, слабая информированность о политической ситуации в целом.

Активная пропагандистская работа последователей псевдорелигиозных течений в интернете и социальных сетях, недостаточные религиозные знания, нестабильный социальный статус в обществе, неустойчивость эмоционально-волевой сферы, склонность к дезориентации и психологической зависимости из-за постоянно оказываемого давления внутри семьи сделали молодых девушек наиболее уязвимой частью населения.

На определенную часть женщин с радикальными религиозными взглядами сильное влияние оказало чувство социальной несправедливости, отсутствия надежды на улучшение своего благополучия, реализацию своих конституционных прав через светские институты.

На другую часть женщин повлияла степень радикальности вероубеждений супруга. Так, в случае если муж верующей является сторонником радикальных идей, то, как правило, данное явление оказывает прямое влияние на супругу, поскольку религиозные знания, по требованиям шариата, жена получает от своего мужа, или близкого родственника.

Замужняя мусульманка, в большинстве случаев, не имеет возможности самостоятельно контактировать с посторонними мужчинами-проповедниками, богословами или имамами и не может получить

хорошее религиозное образование. Это подтверждается теми фактами, что подавляющее большинство жен задержанных и осужденных экстремистов имеют такие же радикальные взгляды что и их мужья.

## ВЫВОДЫ

В настоящее время система религиозного образования построена так, что хорошее обучение проходят в основном мужчины. В целях преодоления теологической неграмотности женщин необходимо активизировать информационно-просветительскую работу с привлечением средств массовой информации, способную привить идеи традиционной религии и сформировать устойчивый иммунитет к радикальной идеологии.

Женский экстремизм имеет свои особенности, поэтому существует необходимость выработки со стороны государства отдельных мер, направленных на оказание адресной поддержки религиозным женщинам из наиболее уязвимых слоев населения и создание условий, при которых они могли бы реализовать свои социальные, экономические возможности и были бы ограждены от дискриминации по половому признаку.

Также очевидно, что нужно принимать меры по развитию проблемных регионов для решения социально-экономических проблем. Образование и занятость, экономические возможности и общественная активность – вот лучшая профилактика многих бед.

## СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Осипов, Г., Тощенко, Ж. Т.** Современный мир и религия. // Россия и мусульманский мир. 2008. – № 9. – С. 145.

2 **Голосенко, И. А.** Питирим Сорокин как историк социологии // Журнал социологии и социальной антропологии. – 1998. – Т. 1. – Вып. 4.

3 **Саватеев, А. Д.** Презентация проекта «исламские радикальные движения на политической карте современного мира». // Ислам в современном мире: внутрисоциальный и международно-политический аспекты. 2015. – Т. 11. – № 4. – С. 125–136.

4 Экстремизм в Киргизии все больше приобретает женское лицо. Иван Ларин. [Электронный ресурс]. – <https://www.ritmeurasia.org/news>. (Дата обращения 04.03.2020 г.)

5 Православное информационное агентство «Русская линия»: Спецслужбы ЕС обратили внимание на женщин-исламисток. [Электронный ресурс]. – <https://rusk.ru/newsdata.php?idar=177845>. (Дата обращения 04.03.2020 г.)

6 Викторов, В. Живые бомбы. Женский терроризм становится реальной угрозой / В. Викторов // Военно-промышленный курьер. – 2005. – С. 50–55.

7 **Ким, И. А.** Женское участие в терроризме // Журнал социологии и социальной антропологии – 2006. – Т. 9. – № 3. – С. 12–17.

8 **Журкабаева, Ж. А., Алина, К. Ж., Фесенко, Н. Ф., Сатбаева, Д. И., Демченко, И. А.** Социально-психологический портрет женщины, вовлеченной в нетрадиционную религиозную организацию, на примере работы КГУ «ЦАРМО». // Личность в экстремальных условиях и кризисных ситуациях жизнедеятельности. – 2015. – № 5. – С. 212–222.

Материал поступил в редакцию 18.05.20.

*Д. А. Айтжанова*

#### **Діни радикализмнің гендерлік мәселелері**

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясы,  
Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы.  
Материал 18.05.20 баспаға түсті.

*D. A. Aitzhanova*

#### **Gender characteristics of religious radicalism**

Academy of Public Administration under the President  
of the Republic of Kazakhstan,  
Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 18.05.20.

*Соңғы бірнеше онжылдық аралығындағы көші-қон процестері көптеген елдерде қоғамның жаңаруына әкелді, оларды көпмәдениетті және көпконфессионалды етті. Көпінді қоғам дінінің абсолютті бостандығын қамтамасыз етеді және әртүрлі діни ағымдардың көбеюіне әкеледі. Мұндай жағдайда, толеранттылыққа ие діни ағымдармен қатар, діни ұрандар арқылы экстремизмге шақыратын радикалды ағымдар да дамуда. Мұндай радикалды діни ағымдардың қатарында әйелдер де кездесіп жүр.*

*Мақалада экстремизмнің феминизациясы, радикалды діни ағымдар қатарындағы әйелдер санының өсуіне ықпал еткен жағдайлар мен факторлар туралы айтылады.*

*Migration processes of recent decades have caused the renewal of society in many countries, making them multicultural and multireligious. A multiconfessional society provides absolute freedom of religion and leads to an increase in the number of different religious movements. In such conditions along with absolutely tolerant religious movements radical ones also develop, which under religious slogans call for extremism. Often women are also found in the ranks of radical religious movements.*

*The article addresses the issue of feminization of extremism, conditions and factors that contributed to the increase in the number of women in radical religious sects.*

ГРНТИ 86.01.00

**Ж. Х. Есбенбетова**

жаратылыстану ғылымдарының магистрі, «Кәсіби тәуекелдерді зерттеу» зертханасының басшысы, «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек қорғау бойынша Республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан Республикасы  
e-mail: nauka@rniiot.kz

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНЕ ТАЛДАУ ЖАСАУ**

*Мақалада Қазақстан Республикасы экономикасының түрлі салалары отандық кәсіпорындардағы қолданыстағы еңбекті қорғауды басқару жүйесіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде алынған мәліметтер қарастырылған.*

*Сонымен қатар, еңбек қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың маңызды құралы ретінде еңбекті қорғауды басқарудың жаңа жүйесін құру және оны қазіргі уақытта Халықаралық стандарттарға сай (Халықаралық еңбек ұйымының стандарттары мен ұсынымдары, дамыған елдердегі еуропалық стандарттар, Евразия экономикалық одағының техникалық стандарттары және т.б.), кәсіби тәуекелдерді басқару негізіндегі еңбекті қорғауды басқарудың кешенді жүйесін дамытудағы проблемаларды шешудің жолдары ұсынылған.*

*Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде жүзеге асырылатын кешенді іс-шараларды кәсіпорындарға енгізу бойынша қажетті толық құжаттардың пакеті жасалады және оларды сол кәсіпорындарға сәйкестендіру мақсатында түзетулер іске асырылады.*

*Кілтті сөздер: еңбекті қорғауды басқару жүйесі, ішкі бақылау, инновациялық әдіс, кәсіби тәуекел, кәсіби тәуекелді бағалау.*

**КІРІСПЕ**

Әрбір кәсіпорын мен ұйымдардың негізгі міндеті, бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарын орындау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ережелер мен нұсқаулықтарды

сақтау және қамтамасыз ету болып табылады. ҚР Еңбек кодексінің 201-бабына сәйкес, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау еңбекті қорғауды ішкі бақылауға, еңбекті қорғауды басқару жүйесін (бұдан әрі – ЕҚБЖ) құру және енгізу, тәуекелдерді бағалау және жұмыс берушілердің жұмыс орындарында қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарының сақтамауына жол бермеу үшін қабылдаған шаралары кіреді [1].

Қазіргі уақытта, еңбекті қорғауды басқарудың қолданыстағы ұлттық жүйесіне сәйкес, жұмыс беруші өндірістік объектілерді еңбек жағдайларын аттестаттауға, өндірістік жабдықтарды жаңасына ауыстыруға, жұмысшыларды оқыту және қайта даярлауға, зиянды және қауіпті жұмыс орындарында еңбек ететін жұмыскерлерге кепілдіктер беру арқылы кез-келген қауіп-қатерді болдырмауға алдын-алу шараларын жүргізуге және басқа да шараларды жүргізуге міндетті т.б. [2].

Кәсіпорындарда ерікті негізде енгізілетін еңбекті қорғауды басқару жүйесінің халықаралық стандарттары (OHSAS-18001, MOT-CUOT 2001 ILO-OSH2001 және т.б.), Қазақстан Республикасы өндірісінің ерекшеліктеріне бейімделмеген, өндірістің салалық ерекшелігін ескермейді, көп шығынды талап ететін сипатқа ие және оларды міндетті түрде енгізуге заңнамалық талаптардың болмауы тежеуші фактор болып табылады [3,4].

Сонымен, еңбек қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың маңызды құралы ретінде еңбекті қорғауды басқарудың жаңа жүйесін құру, еңбекке қабілетті халықтың өмір сүру сапасын арттыру және денсаулығын сақтау үшін өзекті мәселелер болып табылады.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

«Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – «ҚР ЕХӘҚМ РҒЗИ» ШЖҚ РМК) ғылыми-техникалық бағдарлама шеңберінде «Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу» бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді.

Зерттеу бағыты бойынша басылымдарды жалпылау және талдау мақсатында проблемалық, аспектілік, салыстырмалы, талдаулардың әдістері қолданылды.

Теориялық зерттеу нәтижелері бағдарламаны іске асырудың эксперименталдық кезеңінің ғылыми міндеттерін орындау үшін қолданылды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы экономикасының әртүрлі салаларының пилоттық кәсіпорындарында еңбекті қорғауды басқарудың қолданыстағы жүйелері талданды.

Талдау нәтижесінде анық болғандай, зерттеу жүргізілген пилоттық кәсіпорындарында Халықаралық талаптарға сәйкес, барлық нормалар белгілі бір дәрежеде орындалатынын көрсетті.

Алайда, еңбекті қорғауды басқару кезінде кәсіби тәуекелдерді бағалауды енгізу және оларды басқару ішінара орындалалып жатқанын атап өту қажет, мысалы:

- республиканың шағын және орта кәсіпорындарындағы еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған қосалқы тетіктер әзірленбеген;

- еңбек қауіпсіздігі және гигиенасы ұлттық бағдарламасы жасалмаған.

Сондай-ақ, зерттеу барысында Қазақстанда еңбекті қорғауды басқару жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарын анықтау үшін, Институт қызметкерлері стратегиялық менеджменттің аса тиімді құралы-SWOT-талдауды пайдаланды, оның нәтижесі бойынша осы саладағы кәсіпорындардағы ішкі және сыртқы факторларын, тәуекелдерін және бәсекеге қабілеттілігін бағалау болып табылды. Талдау нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы «Еңбекті қорғау» жүйесінің артықшылықтары болып төмендегілерді атап айтуға болады:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық база жақсы дамыған;

- деректерді статистикалық есепке алу арқылы еңбек жағдайларын мониторингілеудің жүйесі енгізілген;

- алдын алу шаралары және әлеуметтік қорғау шаралары түрінде кепілдіктер беру, сақтандыру, өндірістегі жазатайым жағдай, зейнетақымен қамтамасыз ету қолданылады.

Әлсіз жақтары:

- еңбекті қорғаудың компенсаторлық тетігі және оны басқаруда тізімдік тәсілі кеңінен қолданылады;

- зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында қызметкерлердің саны жылдан-жылға көбеюі белең алған.

Жоғарыда аталған мәселелердің шешімін табу мақсатында зерттеу нәтижесінде, еңбекті қорғауды басқару жүйесін жасап шығару үшін, төмендегі инновациялық әдістер анықталды, оларға:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің ең төменгі стандарттарын салалық ерекшелікті, кәсіпорынның мөлшерін ескере отырып жасау;

- еңбекті қорғауды басқару жүйесін халықаралық стандарттардың талаптарын сай интеграциялау;

- еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізуде әдістемелік сүйемелдеу және кеңес беру;

- тиісті мамандарды оқыту және даярлау.

Айта кететін жайт, Халықаралық талаптарға сәйкес, еңбекті қорғауды басқару жүйесін кәсіби тәуекелді басқаруды енгізе отырып жасау мақсатында, Институт тарапынан кәсіпорында кәсіби тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі [5], онда әр мамандық бойынша тәуекел дәрежесін жеке бағалау жүргізілді. Жеке кәсіби тәуекел қызметкердің жеке алған кәсібі үшін бес көрсеткіш негізінде есептелді:

- өндірістік орта факторларының зияндылық дәрежесі;

- еңбек процесінің жарақат алу қаупі;

- өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігі;

- жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуі;

- жұмыскерлердің сырқаттануына еңбек жағдайларының әсері.

Тәуекелдер 5 дәреже бойынша анықталады: рұқсат етілген, төменгі, орташа, жоғары, өте жоғары. Әдістемелік ұсынымдар бойынша тәуекелдер анықталғаннан кейін, оларды жою немесе азайту және алдын-алу шаралары ұсынылды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, «ҚР ЕХӘҚМ РФЗИ» ШЖҚ РМК қызметкерлері саны 50 адамнан асатын және 50 адамға дейінгі кәсіпорындар үшін кәсіби тәуекелдерді басқару негізіндегі еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жаңа моделінің жобасын әзірледі.

Қазіргі уақытта еңбекті қорғауды басқару жүйесінің жаңа моделі бес басым саланың 20 пилоттық кәсіпорындарында апробациядан өтуде, олардың ішінде:

- саны 50 адамға дейін 4 кәсіпорын (шағын кәсіпкерлік);

- саны 150 адамға дейін 6 кәсіпорын (орта);

- саны 150 адамнан асатын 10 кәсіпорын (ірі) бар.

Апробациялау кезінде жаңа жүйе енгізу бойынша қажетті құжаттардың толық пакеті жасалды, семинарлар өткізілді және оларды сол кәсіпорындарға сәйкестендіру мақсатында түзетулер іске асырылды. Ғылыми-техникалық бағдарламаның келесі кезеңінде апробациялаудан өткізіп жатқан жүйенің экономикалық тиімділігін анықтау жоспарлануда.

Осылайша, ғалымдардың, жұмыс берушілердің, еңбекті қорғау қызметі мамандарының, жеке кәсіпкерлердің еңбекті қорғауды басқарудың

жаңа жүйесін сынақтан өткізу кезіндегі ынтымақтастығының нәтижесі интеграцияланған еңбекті қорғауды басқару жүйесінің түпкілікті нұсқасы әзірленетін болады, ол болашақта Қазақстан Республикасының барлық кәсіпорындарында енгізілу жоспарлануда.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

2 **Абикенова, Ш. К., Есбенбетова, Ж. Х.** Интеграция процедур аттестации производственных объектов и оценки профессиональных рисков в Республике Казахстан // Наука и мир: Международный научный журнал. – 2018. – Т. 1. – № 2 (54), февраль Импакт-фактор журналы «Наука и мир» – 0, 325 (Global Impact factor, Австралия, IF 0,325; Open Academic Journals Index, Россия, IF 0,350). – С. 21–24.

3 **Рассыпкин, А.** О пользе обучения по стандарту OHSAS 18001:2007 / «Охрана труда : просто и понятно» № 2, февраль, 2014 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://e.otruda.ru/>

4 Guidelines on occupational safety and health management systems, ILO-OSH 2001 (ISBN 92-2-111634-4, Geneva) // [Site «International Labour Organization»]. [Электронный ресурс]. – Access mode: <http://www.ilo.org>

5 Методические рекомендации по внедрению системы управления профессиональными рисками на предприятии / Бисақаев С. Г., Абикенова Ш. К., Есбенбетова Ж. Х. – Астана : РГКП «РНИИОТ МТСЗН РК», 2017. – 84 с. – ISBN 978-601-06-4724-4.

Материал 18.05.20 баспаға түсті.

*Ж. Х. Есбенбетова*

#### **Анализ действующей системы управления охраной труда на предприятиях Республики Казахстан**

РГП на ПХВ «Республиканский научно-исследовательский институт по охране труда Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан»,

г. Нур-Султан, 010000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 18.05.20.

*Zh. H. Yesbenbetova*

#### **Analysis of operating control system for labor protection on the enterprises of the Republic of Kazakhstan**

RSE on REM «Republican Research Institute for Labor Protection of the Ministry of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan», Nur-Sultan, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 18.05.20.

*В статье приведена информация по результатам исследований действующей системы управления охраной труда на отечественных предприятиях различных отраслей экономики Республики Казахстан.*

*Кроме того, создание новой системы управления охраной труда как важного инструмента реализации государственной политики в области охраны труда и ее соответствия международным стандартам (стандарты и рекомендации Международной организации труда, европейские стандарты в развитых странах, технические стандарты Евразийского экономического союза и др.) пути решения проблем при разработке интегрированной системы управления охраной труда на основе управления профессиональными рисками.*

*В результате исследовательской работы будет разработан полный пакет документов, необходимых для осуществления комплексных мероприятий на предприятиях, и внесены коррективы для приведения их в соответствие с этими предприятиями.*

*Based on the studies results the article provides information on the current labor protection management system at domestic enterprises in various sectors of the economy of the Republic of Kazakhstan.*

*In addition, the creation of a new OSH management system as an important tool for implementing state policy in the field of labor protection and its compliance with international standards (standards and recommendations of the International Labor Organization, European standards in developed countries, technical standards of the Eurasian Economic Union, etc.) ways to solve problems in developing an integrated OSH management system based on occupational risk management.*

*As a result of the research a full package of documents, which are necessary for the implementation of comprehensive measures at enterprises, will be developed, and adjustments will be made to bring them into line with these enterprises.*

**С. М. Сыздықова**

докторант, 2 курс, «Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс» кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050033, Қазақстан Республикасы  
e-mail: sauleshka-sm@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ КОНТЕКСТІНДЕГІ МЕДИАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

*Мақала Қазақстандағы қалыптасып келе жатқан медиация, оның ішінде отбасылық дауларды реттеудегі медиация технологиясы тақырыбы бойынша теориялық-әдістемелік негіздерді әдеби шолуға арналған. Ең алдымен, қазіргі шетелдік медиация үлгілеріне тоқтала отырып, қазақстандық қоғамның ерекшелігін ескере отырып, дәстүрге сай жүйелеуді ұсынады.*

*Автор бірнеше ғалымдар тәжірибесін пайдалана отырып, зерттеу барысында отбасылық дауларды реттеуде мына технологияларды жіктейді: фасилитаторлық, эхо-техника, кокус, экстернализация, деконструкция, қайта келісу, тағдыр үйбұрышы. Демек, отбасылық медиацияның технологиясы тәжірибеде де неғұрлым қолайлы екенін көрсетеді.*

*Сонымен бірге, мақалада ҚР Медиация туралы Заңындағы медиацияның маңыздылығы мен сотқа дейінгі отбасылық медиатордың қызметін талқылаумен қатар, еліміздегі отбасылық медиация технологиясындағы кемшіліктер мен жетістіктерге, дауда кездесетін кейбір әлеуметтік мәселелерге де тоқталады.*

*Кілтті сөздер: медиация, отбасылық медиация, медиатор, дауды реттеу, екі тарап, ерлі-зайыптылар, медиация технологиялары, медиаторлықтың тиімділігі, стратегия, медиация рәсімдері.*

**КІРІСПЕ**

Қазіргі кезде отбасылық медиация технологиясының түрлі тәсілдері қарқынды дамуда. Теориялық тұрғыдан алып қарасақ, егер белгілі бір адам қажеттіліктері қанағаттандырылмаса, онда дау пайда болады. Дауды кез-келген бәсеңдетуші құралдар тежей алмайды. Оны басу әрекеті, керісінше, қақтығыстың экспоненциалды өсуіне әкеледі. Одан әрі толық апатты болжауға болады.

Әсіресе, даулы мәселелерде азаматтар «менің отбасыма қатысы жоқ», «менің жанұямда бәрі түгел» деп қарап отыратын болса, қоғамды жайлаған бұл дау кез-келген отбасына да кері әсерін тигізуі мүмкін. Бір мысалды келтіріп өтейік: былай қарағанда ешқандай мәселе емес боп көрінері анық, бірақ оны да айтып өткен жөн. Қарапайым мысал: екі көрші дауласады, дауласуларының себебі, олардың бір-біріне деген ішкі қайшылықтары мен шиеленісі болуы мүмкін. Дегенмен, даудың себебі сотқа келіп жүтінгенде, арыздың негізінде бір көршінің ауласында өсіп тұрған ағаштың көлеңкесі мен жапырағы, келесі көршінің ауласына түсті деген мәселемен талқыланады. Сөйтіп жүріп, екі жақта өбден соттасып, әрқайсысы қорғаушыға жарты миллионнан ақша жұмсап, нәтижесінде ағашты кесумен аяқталады [1]. Бұл жерде кім ұтты, кім ұтылды?! Бұл жерде ешкімде ұтқан жоқ. Біріншіден, адамдар уақыты мен жүйкесін жоғалтты, денсаулығынан айырылды. Екіншіден, бұл отбасына берілетін бала-шағасына беретін нәпақасын былай қарағанда, басқа адамға жұмсады. Сондықтан да, біздің дауларымыздың көбі, кейде осындай бір мәселелердің айналасында болатыны жасырын емес және оның жақсылыққа апармайтынын да айтып өткен жөн шығар.

Бүгінде соттан гөрі дауды медиация арқылы реттеу біртіндеп қолға алынуда. Мақсаты – жеңіліс емес, екі тарапты бірдей жеңіске жеткізу, дауды оңтайлы, тиімді түрде келісім арқылы медиациялық реттеу. Олай болса, мақалада медиацияның бір тармағы – отбасылық медиацияның технологиялық тәсілдерін талдайық.

**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

Соңғы жылдары медиацияның мүмкіндіктеріне деген қызығушылық күрт өсуде. Бұл қоғамдық өмірде келіссөз процестерінің түрлі нысандарының кең таралуына, сондай-ақ халықаралық дауларды реттеуде медиаторлықты табысты қолдану фактілеріне байланысты. Мәселен, қазіргі уақытта әлемдік тәжірибеге сүйенсек, ғалымдар медиативті технологияның дамуына үлкен үлес қосуда. Оған дәлел, американдық зерттеушілер Kressel & Pruittтің айтуынша [2], қоғамдық өмірдің түрлі салаларында медиация технологиясын пайдалану «нағыз революция» болмақ.

Қазіргі уақытта медиация түрлі салада дауларды реттеудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. John Burtonның пікірлерінше [3], медиация әртүрлі қоғамдық проблемаларды (муниципалдық және экологиялық қақтығыстар, кәсіподақтар мен әкімшілік арасындағы келіспеушіліктер және т.б.) шешуде, заң практикасында, мүліктік және неке бұзу процестерін шешуде кеңінен қолданылады.

Медиаторлықтың тиімділігіне әсер ететін фактор – бұл медиативтік процестің, медиаторлар қызметінің пайдаланатын тактикасының сипаттамасы. Бұл ретте, бір жағынан, осы фактордың рөлі айқын деп танылады, екінші жағынан – табысты медиаторлықтың ахуалдық детерминанты саласындағы зерттеулер басталады. Мамандардың пікірінше, осы тақырып бойынша зерттеулер саны аз емес, оларды зерттеудің әдістемелік қиындықтарымен байланысты. Көптеген жұмыстар медиатордың өзіндік ерекшеліктеріне арналған, өйткені практикалық психологияда «психологтың тұлғасы әдістің ажырамас бөлігі» [4]. Олай болса, американдық ғалымдар К.Кressel & D.Pruitt медиаторлықтың тиімділігін қолдау және қарсылықтан (Effectiveness of mediation: pros and cons) тұрады деп [5], тиімділіктің оң әсерінің дәлелдері ретінде мынадай деректерді келтіреді:

*1 Пайдаланушылардың қанағаттануы (User satisfaction).*

Жеке және әдеби деректерді пайдаланатын авторлардың пікірінше, медиацияға қанағаттанушылық әдетте 75 % және одан жоғары. Бұл ретте медиаторлар әртүрлі төрешілік рәсімдеріне (судья процедураларына) немесе арбитражға қарағанда пайдаланушылар арасында қанағаттанудың жоғары деңгейін жасайды.

*2 Келісім мөлшері (Size of consent).* К. Kressel & D. Pruitt дәлел ретінде медиаторлықтың көмегімен келісімге қол жеткізілген жағдайлардың пайызы туралы деректер келтіреді.

*3 Мәміле дәрежесі (Degree of compromise).*

Қолда бар деректер бойынша, медиаторлық процесс заңды рәсімдермен салыстырғанда ымыралы шешімдердің үлкен пайызын және «бәрі-немесештеңе» (all-or-nothing) түріндегі шешімдердің аздығын береді.

*4 Құнның төмендеуі (The reduction of the cost).* Дәстүрлі сот рәсімдерімен салыстырғанда неке бұзу процесіндегі медиация мүдделі тараптардың да, тұтастай алғанда қоғамның да шығындарын төмендетеді; алынған ұтысты ақшалай түрде есептеуге әрекет жасалады.

Сот жүйесіндегі медиаторлар ретінде судьялардың мінез-құлқын талдай отырып, J. Wall & D. Rude олардың логикалық стратегияларын [6] атап өтеді:

1 Жағдайларды талдау, алшақтықтарды талқылау, келісімдерді дайындау;

2 Агрессивті стратегия: мәжбүрлеу, келісімді жасамау қаупі;

3 Патерналистік стратегия: тараптардың атынан өкілдік ететін әрбір заңгерлермен келісімді жеке талқылау, олардың әрқайсысына кеңес беру кіреді.

Жоғарыда көрсетілген стратегияларға сай, медиаторларда қолданылатын техника тактикалары да әртүрлі. Олардың бірі медиатордың жұмысы үшін ерекше болып саналады, бірі кез-келген сөйлесу процесінде пайдаланылса,

ал енді бірі коммуникативтік жағдайлардың кез-келген түріне жатады. Оны жапон медиаторлары пайдаланатын медиациялық техника арқылы түсіндіреміз (1-кесте).

Кесте 1 – Жапон медиаторлары пайдаланатын медиациялық техника [7]

Техникасы	Сипаттамасы
Даулы тараппен бөлек кездесу	Дауға қатысушылармен жеке кездеседі.
Көзқарасты тыңдау	Медиатор диспутанттардан олардың ұстанымдары туралы ақпарат алады.
Эмоционалдық қарым-қатынас	Медиатор диспутанттарға қалай ойлауға немесе іс-әрекет жасауға кеңес береді немесе түсіндіреді.
Диспутанттарды жинау	Медиатор кездесуге диспутанттарды жинайды.
Ақпарат жинау	Медиатор диспутанттардан немесе айналасындағылардан ақпаратты жинайды немесе сұратады.
Басқаларды талқылау	Медиатор нақты жеңілдіктер немесе келісім тармақтарын талқылайды немесе ұсынады. Келісім мүмкіндігі де талқыланады.
Жағдайды түсіну	Себептерін сезінеді (жағдайды талдайды).
Объективті деректерді қамтамасыз ету	Медиатор дауға немесе жалпы жағдайға қатысты объективті деректерді қамтамасыз етеді (мысалы, инфляция 20%).
Басқа көзқарасты ұсыну	Медиатор екінші тараптың көзқарасын білдіреді немесе дәлелдейді. Қатысушыларға басқа позицияға мұқият болу өтінішін жібереді.
Сыни көзқарас	Медиатор диспутанттың жеке басын, мінез-құлқын сынайды немесе арнайы дәлелдерді пайдаланады (мысалы, «сіз өрескел дәрежелісіз», т.б.)

Осыған орай медиациялық технологияларды алдымен ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық дау кезінде қолдану аясын қарастырайық. Дау қандай да бір нысанда ерлі-зайыптылық қатынастарға тән, бірақ ол, әдетте, ажырасқан кезде дәлме-дәл жетеді. «Отбасы медиациясы көбінесе ата-ана мәртебесін сақтауға көмектесу және жұп өз ата-ана міндеттерін орындауды олардың партер ретінде өзара қарым-қатынасын тоқтатумен байланысты эмоциялардан ажырату үшін ажырасу жұптар қажет. Медиация ата-аналарға олардың балаларының жеке қажеттіліктері мен сезімдеріне тоғысуға және олардың балаларымен қарым-қатынасы одан әрі қалыптасатын ережені жасауға



көмектеседі [8]. Өз кезегінде, бірқатар мысалы, эхо-техника және кокус [9], сондай-ақ отбасылық дауларды реттеу кезінде пайдалануға болатын басқа да бірқатар технологиялар бар. Олардың ерекшелігі – даулардың сипатына ерекшеленіп отырады. Медиатордың бірнеше негізгі тәсілдері бар, оларға медиация рәсімі барысында қолданылатын тәсілдер: трансформативті, түсіну, нарративті және бағалау тәуелді.

*Трансформативті медиация (transformative approach)* – бұл тәсілде медиатордың міндеті клиентпен жұмыс істеу.

*Түсінуге негізделген (understanding-based approach)* – медиациялық тәсілде медиатордың басты міндеті медиациялық процеске қатысушылардың түсінігін арттыру.

*Нарративті медиация (narrative approach)* – экстернализация, мәселелерді айшықтайтын нарративті техника, қайта ұқсату арқылы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы бірінші жоспарға шығатын қарым-қатынас контекстің құру үшін қолданылады.

*Бағалау медиациясы (evaluative approach)* – «нұсқаларды ұсыну». Мұнда медиатор болып жатқан жағдайды бағалай отырып, медиация процесіне әсер етеді және қажет болған жағдайда қақтығысты шешудің өзінің нұсқаларын ұсына отырып, диалог нәтижелеріне әсер етеді.

Ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық дауларды шешуге арналған үш медиациялық техника нарративті медиацияның арсеналынан алынды.

*Нарративті медиация (Narrative mediation)* – адамдар мен институтталушылардың өзара іс-қимылында жасалған модельдерде, нақтылық сипаттамаларында өмір сүреді және әрекет етеді деген болжамдарға негізделген медиацияға деген көзқарас және осы сипаттамалардың бірде-бірі «шынайы» болып табылмайды.

Нарративті техниканы қолдану үшін «нарратив» идеясын түсіну қажет. Оның негізі адам өз өмірін шағын әңгімелер (нарратив) ретінде өзі үшін итермелейтін шағын тарихтың кендігі ретінде сезінеді деген болжам болып табылады. Отбасы медиациясы нарративті техниканы барысында үш рет қолдануға болады: *экстернализация, деконструкция және қайта келісу.*

*Экстернализация (externalization)* – әңгімешінің өз нарративінен шеттету рәсімі, яғни нарратив авторы өзінің әңгімесінен шығып, әңгімеге қатысушы рөлінен сыртқы өкіл рөліне көшуі тиіс. Медиатор, мысалы, жұбайына: «Егер сіз оны сырттан байқайтындай жағдайыңыз туралы айтып беріңізші» немесе «сіз не туралы айтасыз, кинотеатр экранында болып жатқанын елестетіңіз». Экстернализация – ерлі-зайыптыларды қашықтықтан дау туралы әңгімеге тартатын нарратив. Бірнеше кезеңдерде өтетін экстернализация: нарративті батыру, нарративті шығару, нарративті дербестендіру.

*Деконструкция (deconstruction)* – ерлі-зайыптылар дауы туралы әңгімеден тұратын нарратив негізінде жатқан нанымдарды идеализациялау, жұмсарту және өзгерту. Рәсімнің бірінші кезеңі дауды алудан, шығарудан, қолданудан, әрекет қабілеттілікке ие болудан және бағалаудан тұрады. Бағалау кезеңінде нарратив құрылған сенімнің бағасын тексеру бойынша жұмысты бастауға болады. Мұндай сенімділікті «пресуппозиция» (алдын-ала) деп атауға болады. Бұл тұспа-тұс емес, нарратив салынған наным. Мысалы, «маған қысым жасау» деп жорамалдауға болады, демек, ерлі-зайыптылар бір-бірімен сөйлескен кезде эмоциялар көрсетуге міндетті деген ойға негізделген.

Сондықтан да, деконструкция процедурасының келесі кезеңі – тергеу. Тергеу – нарративтің негізі жатқан пресуппозицияны іздеу және вербализациялауы. Бұл медиатор үшін өте күрделі міндет. Бұл жерде адамдардың пресуппозицияларды анықтау тәжірибесі айтарлықтай жоқ. Бірінші факторда, әңгіме барысында пресуппозиция айтылмайды, яғни әдеттегі сөйлеуде оны есту мүмкін емес. Екінші фактор нарративаны жасыру құбылысынан тұрады. Осыған орай, негізгі «тосқауылдарды жабу техникасы» қолданылады. Олар былай жіктеледі: агрессия – тараптың бірінде медиатор пресуппозицияға шыққаннан кейін эмоциялық фон күрт жоғарылайды, ол агрессивті болады, медиаторға шабуыл жасауға ауысады. Өз кезегінде, медиатор осындай құбылысты сәйкестендіргеннен кейін, тараппен ортақ тіл табуға ұмтылады.

Деконструкция рәсімінің келесі кезеңі – *пресуппозиция (алдын-ала) бағалау сатысы*. Мысалы, тарапқа өзінің жеке бастың ұстанымы ретінде медиатордың бірқатар сұрақтарына жауап беру ұсынылады, мәселен: «неге өз эмоцияларыңды әрдайым жақсы көрсете алмайсың?», «Бұл мәселеде кім кінәлі?» деген сұрақтардың орнын «қалай?» деген сұрақпен орнын ауыстырса, шешім де табылып, тығырықтан шығудың жолын іздейді. Медиатор екі тарапқа сұрақ қою арқылы олардың жоғары эмоциясын төмендетеді. Сонда олар мәмілеге келеді, дау асқынып барып, орнына келеді. Осыған орай, медиаторды психолог десек болады, олар эмоциямен қоса қарым-қатынас тәсілдерін жетік меңгерген. Отбасылық дауды реттеуде қарым-қатынасты жақсарту ерлі-зайыптыларды, отбасы мүшелерін жетістікке жеткізері сөзсіз.

Расында ең дұрысы, *деконструкцияны (ұғыну)* қабылдау ерлі-зайыптылар арасындағы даудың жоғалуына алып келуі мүмкін.

*Қайта келісу (Intersection)* – ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық дауды реттеу кезінде қолдануға болатын нарративті медиацияның тағы бір тәсілі. Мәселен, түсінбеушілік туындаған жағдайда дауыс көтеріп дауласу мен ұрыса кету, эмоцияға беріліп, жағдайға эмоция қосу сізді жеңіске жеткізбейді.

Дау-дамай туындап бара жатқанын сезген сәтте қарсы тарапқа сұрақ қойып үйренген жөн.

Отбасы дауларын реттеудің медиативтік технологиялары субъективті және ол ең жақсы жағдайда даудың аз ғана бөлігін ғана құрайды. Нарративті медиацияның лексиконындағы жеке тарих – жеке тұлғаның қандай да бір оқиғасының өзекті қыры. Өзекті мәселе, яғни қазір де бар. Қайта қабылдау, келісу – бұл жұмысты қажет етеді, мәселен, бір даулы оқиғаларға басымдылық тұрғысынан баға беру (қандай да бір жағдайларда ерлі-зайыптыларды шоғырландыру көзі). Медиатор ерлі-зайыптылармен біріге отырып, жекелеген ерекшеліктерді мағыналы бірізділікке, даудың шығуын бәсеңдетуге, болдырмауға көмектеседі.

Отбасылық медиациядағы *эхо-техника (echo-technique)* белсенді тыңдау қызметін атқарады. Мұндай жағдайда даулы тарап, яғни ерлі-зайыптылар, әдетте үнсіз, бір-бірін естімейді. Эхо-техника медиаторға осы мәселені шешуге көмектеседі. Осындайда, ерлі-зайыптылар арасында эмоциялық шекараны ұстап тұру – медиатордың міндеттерінің бірі.

Отбасылық медиациядағы *кокус (caucus)* тараптардың бірімен жеке әңгімелесуден тұратын медиациялық техника. Кокус техникасында медиатор ерлі-зайыптылардың біреуімен жеке әңгімелесу жүргізудегі қажеттілігін анықтайды. Ол бұл туралы даулы тараптарға хабарлайды және олардың бірінен екінші тараптың есту аймағынан тыс жеке үй-жайға шақырылады. Отбасылық медиацияға қатысты кокустың қызметтерін қарастырайық.

1 *Жұбайының эмоциялық аясының төмендеуі.* Ерлі-зайыптыларды әртүрлі бөлмелерде қабылдап, медиатор оларды тыныштандыруға ықпал етеді.

2 *Жұбайының ескертуі.* Мысалы, медиатор ерлі-зайыптылардың біріне басқа жұбайын жазалау үшін медиацияны пайдаланғысы келетін сияқты өзін ұстайтынын көрсете алады. Егер бұл туралы екінші тараптың қатысуымен айтар болсақ, бұл коммуникацияны тоқтатуға ықпал етуі де мүмкін.

«*Тағдырдың үшбұрышы*» (*triangle of fate*) ұғымын отбасылық медиацияда Э. Берннің [10] трансактілі талдау дәстүрінде жатыр, бұл қарым-қатынас кезінде адамдар қандай да бір әлеуметтік рөлге ие болады. Тағдырдың үшбұрышына сыпайы, дау кезінде оның қатысушысы үш рөлдің бірін тандайды: агрессор, *құрбандық немесе құтқару*.

Медиация технологияларын өмірлік тәжірибелерде байқағанымыздай, отбасылық даулар мына субъектілерде пайда болады: ерлі-зайыптылар, бала-ана, бала-әкесі, бала-ата-ана (отбасы мүшелерінің арасында). Көбінесе отбасындағы даулар түсінбеушіліктен, қаржы тапшылығынан туындайтынына тағы көз жеткіздік. Шынында да, отбасылық даулар, отбасы мүшелері арасындағы тұрмыстық жағдайға, балаларды тәрбиелеу мен жыныстық

қатынас мәселесінде туындайтыны белгілі. Дау – эмоционалды құраммен жүреді, әсіресе отбасы-тұрмыстық дауларда көбірек кездеседі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасылық дауларды реттеуде медиациялық, яғни балама тәсілдерді тәжірибеге енгізу қоғамның дамуына тын серпін береді, осыған байланысты медиациялық технологиялар өзгеріп, түрленіп отыратына тағы да көзіміз жетті. Қорыта келгенде, медиативтік техникалық тәсілдер өмір салты, коммуникация мәдениеті және даму ресурсынан туындайды. Жалпы АҚШ-та медиация рәсімін реттеуге байланысты 2,5 мыңнан астам нормативтік актілер бар. Осы елде медиаторға жүгіну – 75–85 %, 9 жанжалды жағдай мен келісім медиация негізінде қол жеткізуге жол ашылған, демек, даудың 90 % бітімгершілікпен аяқталады. Ал, Қазақстанда медиация институты 2011 жылдан бері жұмыс істейді, алайда көптеген азаматтар үшін оның мәні түсінікті емес, кейбіреулері әлі де білмейтіні жасырын емес. Ең алдымен, Қазақстандағы медиаторлардың құқықтық статусын көтеруіміз қажет. Ол үшін, отбасылық медиацияны кеңінен түсіндіріп, құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында алдымен мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізінде БАҚ-мен насихат жұмыстарын тиянақты, нақты жүргізуіміз керек.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 YouTube: Мінбер бағдарламасы: Медиация – мәміле алаңы, 10.03.2019 жыл. [Электронды ресурс]. – / <https://qazaqstan.tv/videos/58908>

2 **Kressel, K., Pruitt, D. G.** Mediation research: The process and effectiveness of third-party intervention. – San Francisco : Jossey-Bass, 1989. – P. 394–435.

3 **Burton, J.** Conflict : Human needs theory. – London, Basingstoke : Macmillan, 1990. – 358 p.

4 **Донцов, А. И., Жуков, Ю. М., Петровская, Л. А.** Практическая социальная психология как область профессиональной деятельности. // Введение в практическую социальную психологию : Учебное пособие для высших учебных заведений / Под ред. Ю. М. Жукова, Л. А. Петровской, О. В. Соловьевой. – М., 1996. – С. 7–21.

5 **Kressel, K., Pruitt, D.** Themes in the Mediation of Social Conflict //Journal of Social Issues. – 1985. – Vol. 41. – No. 2. – P. 179–198.

6 **Wall, J., Rude, D.** Judicial Mediation: Techniques, Strategies and Situational Effects //Journal of Social Issues. – 1985. – Vol. 41. – No. 2. – P. 47–63.

7 **Callister, R., Wall, J.** Japanese. Community and Organizational Mediation //Journal of Conflict Resolution. – April, 1997. – Vol. 41. – No. 2. – P. 311–328.

8 **Костина, О. В., Овсяникова, Е. А., Долженко, Н. И., Савельева, И. В.** Семейная медиация как одно из ведущих направлений государственной семейной политики. // Наука и образование : хозяйство и экономика; предпринимательство; право и управление. – 2014. – № 10 (53). – С. 42–46.

9 **Мельниченко, Р. Г.** Медиация : Учебное пособие для бакалавров. / Р. Г. Мельниченко. – М. : Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2018. – 192 с. – С. 148.

10 **Берн, Э.** Игры, в которые играют люди. Люди, которые играют в игры. – / Э.Берн. – М. : АСТ, 1998. – 397 с.

Материал 18.05.20 баспаға түсті.

*C. M. Сыздыкова*

### **Технологии медиации в контексте урегулирования семейных споров в Казахстане**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, 050033, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 18.05.20.

*S. M. Syzdykova*

### **Mediation technologies in the context of family dispute settlement in Kazakhstan**

Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, 050033, Republic of Kazakhstan.  
Material received on 18.05.20.

*Статья посвящена литературному обзору теоретико-методических основ формируемой в Казахстане медиации, в том числе технологии медиации в урегулировании семейных споров. В первую очередь, говоря о современных зарубежных моделях медиации, предлагается систематизировать их по традиции с учетом специфики казахстанского общества.*

*Автор, используя опыт нескольких ученых, в процессе исследования классифицирует следующие технологии в урегулировании семейных споров: фасилитаторный, эхо-техника, кокус, экстернализация, деконструкция, переуступка, треугольник судьбы. Следовательно, технология семейной медиации показывает, что она благоприятна и на практике.*

*Кроме того, в статье говорится о важности медиации в Законе РК «О медиации» наряду с обсуждением деятельности семейного досудебного медиатора, а также о проблемах и достижениях в технологии семейной медиации в нашей стране, о некоторых социальных проблемах, возникающих в споре.*

*The article is devoted to a literary review of the theoretical and methodological foundations of mediation being formed in Kazakhstan, including mediation technology in the settlement of family disputes. First of all, speaking about modern foreign models of mediation, it is proposed to systematize them according to tradition, taking into account the specifics of Kazakhstan's society.*

*The author, using the experience of several scientists, classifies the following technologies in the settlement of family disputes: facilitation, echo technique, cocus, externalization, deconstruction, assignment, triangle of fate. Therefore, the technology of family mediation shows that it is favorable in practice.*

*In addition, the article talks about the importance of mediation in the Law of RK «On Mediation» along with a discussion of family activities pretrial mediator, and also about the problems and achievements in the technology of family mediation in our country, some social problems arising in the dispute.*

**Ш. А. Трушева**

PhD докторант, «Экономика» факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010000, Қазақстан  
Республикасы  
e-mail: trusheva750@gmail.com

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК ТУРИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ**

*Бүгінде іскерлік туризм көп елдерде қарқынды дамушы экономикалық сектор ретінде өзін берік орнатты. Ол шет ел валютасының ағылуын және жұмыс орындарын ашу, туризм индустриясының әр түрлі секторына сұранымның жоғарлауы, экономика саласының дамуы, ғылым, мәдениет және денсаулық сақтау салаларына үлесін қосуда. Халықаралық іскерлік туризм елдің әлемдік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады.*

*Кілтті сөздер: іскерлік туризм, іскерлік турист, әлемдік іскерлік туризм Орталықтары, туристік ағын, конгресті-көрмелік туризм, дестинация, инсензив-шаралар.*

**КІРІСПЕ**

Туризм, жаңа жұмыс орындарын, шағын және орта бизнесте кәсіпорындар ашу, қызметті экспорттау, инфрақұрлымды дамыту арқылы көп елдерде әлеуметтік-экономикалық дамудың драйвері болып табылуда.

БҰҰ, Бүкіләлемдік туристік ұйымының (UNWTO) бағалаулары бойынша 2030 жылға қарай танымал курорттарға және тарих пен мәдениет ескерткіштеріне шамамен 1,8 млрд. адам барады деп күтілуде, қонақүй-туристік қызметтерден түскен табыс шамамен 2 трлн. АҚШ долл. құрайтын болады, туризм саласында 550 млн. жұмыс орындары ашылады.

Іскерлік туризм индустриясы (MICE) заманауи ұғымында экономиканың ең перспективалы секторларының біріне айналды. Бүгінгі күні ірі шетел компаниялары іскерлік сапарларына жылына шамамен 2 трлн. АҚШ долл. жұмсайды, бұл шығындар кадрлық қамтамасыз етуден, салықтан, жалға алудан, IT және байланыстан кейін шығындардың басты баптарында қарастырылған.

WorldTravel & TourismCouncil (WTTC) мәліметтері бойынша 2015 жылы іскерлік туризмнің әлемдік нарығының көлемі 1,106 трлн. АҚШ долл. асты.

2016 жылдың қорытындылары бойынша бизнес-сапарларға кеткен шығындар 1,150 трлн. АҚШ долл. дейін өсті, ал 2017 жылы бағалау мәліметтері бойынша 3,7 %-ға ұлғайды және 1,192 трлн. АҚШ долл. дейін жетті.

2026 жылға қарай іскерлік туризмнің жаһандық нарығы 1,658 трлн. АҚШ долл. бағаланады, ал жылсайынғы өсім орташа есеппен 3,7 %-ды құрайтын болады.

Туризм, Қазақстанда үкіметтің жобалық офис тізіміне қосылған және елдің даму бағыттарының кілтті басымдақтарына енген. Туристік сала 2022 жылға дейін Ұлттық экспорттық стратегия қатарына қосылған, үкімет тапсырмасы бойынша бірінғай туристификация картасы жасалды, жергілікті әкімдіктер туризмнің дамуына белсенді ат салысуда, барлық өңірлерде туризмді дамыту бойынша Жол карталары дайындалды.

